

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 436 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары;

2) "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының мемлекеттік ресурстарды басқару бойынша дамуының 2004 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері;

3) "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының өз қызметі бойынша дамуының 2004 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 20 сәуірдегі

N 436 қаулысымен

бекітілген

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары 1. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының жай-күйі мен даму перспективалары туралы баяндама

1.1. Кіріспе

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Корпорация) миссиясы мемлекеттік астық ресурстарын жаңарту мен сақтауды, сондай-ақ елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған астықтың және оның өңделген өнімі бағасының ішкі конъюнктурасын реттеуді қамтамасыз ету болып табылады.

Корпорация Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен арадағы келісімге сәйкес мемлекеттік астық ресурстарын сатып алуды, қалыптастыруды, есепке алуды, сақтауды ұйымдастыруды, жаңарту мен сатуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтаған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Корпорация "Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 ақпандағы N 260 қаулысына сәйкес құрылды және Мемлекеттік азық-түлік келісім-шарт корпорациясының құқықтық мирасқоры болып табылады. Корпорация 1997 жылғы 11 сәуірде Алматы қаласының Әділет басқармасында тіркелді.

Корпорация 100 пайыз мемлекеттің қатысуымен акционерлік қоғам түрінде құрылған заңды тұлға болып табылады және өзінің құзыреті шегінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару агентінің уәкілдігін жүзеге асырады. Оның жарғылық қоры 45,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптасқан және әрқайсысының номиналдық құны 1000 теңге 45762 атаулы қарапайым акцияға бөлінген.

Мемлекеттік акциялар пакетін басқару құқығынсыз оған ие болу және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілген.

Корпорацияның қаржылық және өндірістік қызметі оның шаруашылық дербестігі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Басқару құрылымы

Корпорация өзінің жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін облыстарда 8 өкілдік және Астана қаласында 1 өкілдік ашты. 2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Корпорация қызметкерлерінің жалпы саны, облыстық өкілдіктерді қоса алғанда 239 адамнан тұрады. Сатып алу мен астықты экспортқа шығару көлемінің 500 мың тоннадан 1,5 млн. тоннаға дейін ұлғаюына байланысты жұмыс көлемі де ұлғайды. Осыған байланысты штаттағы қызметкерлер саны 22 бірлікке өсті. Директорлар кеңесінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы хаттама шешімімен Корпорация қызметкерлерінің штаты бекітілді. Қызметкерлердің жалпы саны 239 адамды құрайды, оның ішінде орталық аппаратта 95 адам.

Р/с	Құрылымдық бөлімшелер	Штат бірлігінің
N		с а н ы

2	Ақмола облыстық өкілдігі	17
3	Шығыс-Қазақстан облыстық өкілдігі	9
4	Батыс Қазақстан облыстық өкілдігі	10
5	Қарағанды облыстық өкілдігі	9
6	Қостанай облыстық өкілдігі	24
7	Солтүстік Қазақстан облыстық өкілдігі	18
8	Оңтүстік аймақ өкілдік	30
9	Астана қаласындағы Іс басқармасы өкілдігі	19
10	Орталық аппарат (Астана қаласы)	95
	Б а р л ы ғ ы :	2 3 9

Астықты сатып алу көлемінің және оны экспортқа шығарудың ұлғаюына, соған орай жұмыс көлемінің көбеюіне байланысты 2004 жылы Корпорация қызметкерлерінің штаттық санын 51 бірлікке көбейту жоспарланып отыр.

Кестені қағаздағы мәтіннен қараңыз

Кейінгі онжылдықта Қазақстанда рыноктық экономиканы қалыптастыруға бағытталып жүргізілген реформаның нәтижесінде аграрлық сектордың инфрақұрылымы түбегейлі өзгерді. Осыған байланысты еліміздің стратегиялық маңызы бар облыстарында өкілдіктерді ашу қажеттігі туындады. Астық саласы түгелдей бәсекелі секторға көшті. Бұл Корпорацияны басқару моделіндегі құрылымдық өзгерістерге әкеп соқтырды.

1.2. Рынокты талдау (қызмет ету саласы)

1.2.1. Ішкі астық рыногын талдау

Компанияның жалпы рыноктағы бәсекелестері мен үлесі

Ауыл шаруашылығы салаларын қайта қалыптастыру егіс алаңдарының, астықты өндіру және экспортқа шығару көлемінің құрылымдық өзгерісіне әкеп соқтырды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінде мемлекеттік кәсіпорындардың үлесі күрт қысқарды және ол бар болғаны 1% құрайды.

Мемлекет тарапынан қабылданған шаралар астық саласының, әсіресе, бидай өндірісінің тұрақтануы мен көтерілуіне септігін тигізді.

Сонымен 1999-2002 жылдары астықтың орташа жылдық жиналымы шамамен 14,4 млн. тоннаны (1999 жылы - 14,2 млн. тоннаны, 2000 жылы - 11,6 млн. тоннаны, 2001 жылы - 15,9 млн. тоннаны, 2002 жылы - 16,0 млн. тоннаны) құрады. Астықты экспортқа шығару 3,5-4 млн. тонна деңгейінде белгіленді. Қазақстан астығын дәстүрлі импортқа алатын елдердегі астықтың жоғары шығымдылығы және отандық астық бизнесінің дүниежүзілік рынокқа тәуелділігінің күшеюі салдарынан экспортқа шығару географиясы өзгерді.

Ішкі рыноктың келеңсіз жағы артық өндіру мен баға демпингі дағдарысының қаупі болып отыр. Барлық осы факторлар елдің теңгерімді өндірістік және экспорттық

саясатын қамтамасыз етуге, өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту саласында мемлекеттің реттеушілік рөлін күшейтуге, астық бизнесі инфрақұрылымын қалыптастыру облысында ішкі тұтыну мен экспорт көлемін ұлғайтуға бағытталған бірқатар шараларды қабылдау қажеттігін көрсетіп отыр.

Соңғы 10 жыл ішінде егіс алаңдарының көлемі 1990 жылы 23,3 млн. гектардан 2002 жылы 14 млн.гектарға дейін қысқарды. Бұл ретте бидайға арналған егіс алаңдары 1990 жылы 14 млн.гектардан 2002 жылы 10,8 млн. гектарға дейін қысқарды, бидайға арналған егістік жерлердің ең төмен көрсеткіші 1999 жылғы 9 млн.гектар болды, бұл 1998 жылғы егін шығымсыздығының салдары. Мұндай жағдайлар арпа егістіктерінде де болды, осы кезең ішінде ауытқушылық 5 млн. гектарды құрады.

1990-2002 жылдардағы астыққа бөлінген егіс алаңдары (қағаз мәтінінен қараңыз)

Соңғы үш жылға жасалған талдау астықтың жалпы жиналымының біршама тұрақтанғандығын көрсетіп отыр. Оның сыртында қазақстан астығының дәстүрлі тұтынушыларында - шектес жатқан мемлекеттерде егін түсімінің көбеюіне байланысты оны импортқа алу құрылымы өзгерді.

Өткен он жыл ішінде егін түсімі айқын ауытқып отырды, шығымсыз 1998 жылы ол 1 гектардан 5,6 центнерді құрады, оның ішінде бидай - 5,2, арпа - 6,2. Астықтың ең жоғарғы түсімділігі 13 ц/га 1999 жылы байқалды.

1990-2002 жылдардағы астықтың шығымдылығы (қағаз мәтінінен қараңыз)

2002 жылы бидай 11,7 млн.га жерді алып жатты, статистикалық деректер бойынша бір гектардан 10,9 центнер түсім алынды. Бұл соңғы бес жыл ішіндегі орташа деректерден біршама жоғары.

Қазақстан астығының ішкі және экспорттық бағасының қалыптасу динамикасын қарай отырып баға конъюнктурасының дүниежүзілік рынокқа тәуелділігінің өсуі туралы қорытынды жасауға болады.

Бірінші кезекте Ресей Федерациясымен және Украинамен арадағы бәсекелестіктің күшеюі астық саудасының логистикасы мәселесінде отандық экспортшыларды тәуелді жағдайға душар етеді, және бұл қазақстанның ішкі бағасының әлемдік рынокқа теңбе-тең тәуелділігін бұрмалайды.

2001/2002-2002/2003 жылдардағы астық теңгерімі және 2003/2004 маркетингтік жылға болжам

Жыл	Кіріс*			шығыс				Ауыс.		
	Астық.	Ауыс.	Егін.	Ішкі тұтыну			Экс.	Басқа	қал.	
	тың	палы	нен	Азық-	Тұ.	жем	өнер.	порт	шы.	дық
	жиын.	қал.	түс.	түлік	қым		кә.			ғын.
	тық	дық	кен	қа.			сіп.			дар
	ұсы.		астық	жет.			тік			
	нысы			тілі.			қайта			
				гіне			өңдеу			
2001/2002	17,6	1,7	15,9	4,1	1,9	2,5	0,3	3,9	0,6	4,3
2002/2003	20,3	4,3	16,0	3,7	1,9	3,0	0,3	5,2	1,4	4,5
2003/2004	17,1	2,6	14,5	3,7	1,9	2,9	0,3	5,5	0,6	2,2

(б о л ж а м)

* - ҚРАШМ мониторингі деректері бойынша

Республика ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі дақылы статистикалық деректер бойынша 2002 жылы өнім көлемі 12,7 млн. тоннаға жеткен азық-түліктік бидай. Астық қабылдау кәсіпорнына сақтауға түскен астықтың сапалық құрамы мынадай болуы к е р е к :

1-сыныпты жұмсақ бидай - 0,1%;
 2-сыныпты жұмсақ бидай - 0,2%;
 3-сыныпты жұмсақ бидай - 70,4%;
 4-сыныпты жұмсақ бидай - 22,5%;
 5-сыныпты жұмсақ бидай - 2,8%;
 сыныбы жоқ жұмсақ бидай - 4,1%.

Негізгі экспорттық дақыл - 3 сыныпты жұмсақ бидайдың басым көпшілігінің маңыздылығы (ұлпалылығы) өте төмен. Маңыздылық (ұлпасының) саны бойынша 3 сыныпты жұмсақ бидайдың құрамы пайыздық қатынаста мына түрде көрінеді: маңыздылығы (ұлпасы) 23-24% - 64,8%, маңыздылығы (ұлпасы) 25-28% - 32,2%, маңыздылығы (ұлпасы) 28% - 3,1% аса.

Астықты экспортқа шығару теңгерімінен көрініп отырғандай 2001-2002 маркетингтік жылы астықты экспортқа шығару 3,9 млн.тоннаны құрады, 2002-2003 маркетингтік жылы 5,2 млн.тоннаны құрады.

1.2.2. Әлемдік астық рыногындағы жағдай.

Корпорацияның экспорттық саясаты

Соңғы 5 жыл ішінде әлемдік астық рыногында астық өндірісін азайту қарқыны байқалып отыр. Бұл жағдай негізгі экспорттер елдердегі қолайсыз ауа-райы жағдайынан, атап айтқанда Еуропа қауымдастығындағы су тасқынынан, америка, австрия және азия континенттеріндегі қуаңшылықтан, Ресей мен Украинаның күздік егістік жерлерінің үсуінен туып отыр.

Әлемдегі егістік жерлер 1990 жылдың аяғынан бастап АҚШ пен Канададағы көрсеткіштердің төмендеуінен қысқарып қалды. Олардың 2001 жылы көбейе бастауына қарамастан 2003 жылға берілген баға 1990 жылдардың ортасында және көбінесе 1980 жылдарда тіркелген деңгейден біршама төмен болмақ. Одан басқа әлемнің көптеген елдерінде болып жатқан экономикалық құлдырау өндіріске кері әсерін тигізеді.

Халықаралық Астық одағының деректеріне сәйкес 2003/2004 маркетингтік жылда бидайдың әлемдік өндірісі тағы да 556 млн.тоннаға дейін төмендеді. Бұл көрсеткіш 1996 жылдан бері қарайғы ең төмен баға және өткен жылмен салыстырғанда 10 млн.тоннаға аз болып табылады. Болжамдар түгел дерлік Еуропалық одақтың және Шығыс Еуропаның барлық елдері, Ресей, Украина үшін төмендеген.

2003/2004 маркетингтік жылдың аяғында бидайдың әлемдік ауыспалы қорын бағалау бір жыл бұрынғы 161 млн.тоннаға қарағанда 132 млн.тоннаға дейін төмендеген. Әсіресе төмендеу бес жетекші экспортшы елдердегі ауыспалы қорларды бағалаудың 4 млн.тоннадан 35 млн.тоннаға дейін төмендеуімен айқындалған, және бұл 1995/1996 маркетингтік жылдан да өте төмен көрсеткіш болып табылады.

Б и д а й (м л н . т о н н а)

	1999/2000	2000/2001	2001/2002	2002/2003	2002/2003 (б о л ж а м)
Өндіріс	585	582	579	566	556
Тұтыну	582	583	587	602	585
Сауда	109	101	107	103	96
Қорлар	201	200	193	161	132

М а л а з ы қ т ы қ а с т ы қ (м л н . т о н н а)

	1999/2000	2000/2001	2001/2002	2002/2003	2002/2003 (б о л ж а м)
Өндіріс	885	870	901	873	893
Тұтыну	889	893	915	904	923

Сауда	102	108	106	107	104
Қорлар	216	193	180	154	128

Еуропалық Одақ елдерінің экспортқа шығаруды 65 %-ға 9,5 млн.тоннаға дейін, (соңғы 25 жыл ішіндегі ең аз көрсеткіш) Қытайдың 0,5 млн.тоннаға дейін қысқарту және Солтүстік Африка елдерінің, Иран және Бразилияның импортты азайту себебінен бидайды сатудың дүниежүзілік болжамы 95,6 млн.тоннаға (2002/2003 маркетингтік жылы 103 млн.тонна) төмендеген, бұл 1986 жылмен салыстырғанда ең төмен көрсеткіш б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша Қазақстан 2002 жылы әлемнің 41 еліне 4,4 млн.тоннадан артық астықты экспортқа шығарды, бұл 2001 жылмен салыстырғанда 13%-ға артық. Экспорттың өсуіне негізінен жоғары сапалы бидайды шығаруды көбейту себеп болып отыр. 2002 жылы біздің астықты импортқа алушы ірі елдер мыналар болды: Әзірбайжан - 448,9 мың тонна, Түркия - 209,8 мың тонна және Иордания - 277,1 мың тонна. Бірінші рет африка континентіне жеткізу жүзеге асырылды: Туниске - 328,9 мың тонна, Мароккоға - 94,8 мың тонна, Суданға - 108,8 мың тонна, Нигерияға - 31,5 мың тонна.

Жалпы экспорт көлемінің 867,6 мың тоннасын Корпорация тиеді. Жалпылай алғанда 1999 жылдан бастап 2003 жылғы қаңтарға дейін Корпорация 1516,7 мың тонна астық тиеді.

"Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ-тың экспорты туралы деректер

	1999-2000 %		2000-2001 %		2001-2002 %		2002-2003 %	
Ресей	117056	46	67 496	31	-	40 723	5	
Иран	22 613	9	48 529	22	67 481	38	-	
Өзбекстан	89 497	35	100 210	47	99 810	57	-	
Италия	-	-	-	-	158 486	19	-	
Иордания	-	-	-	-	389 693	46	-	
Судан	-	-	-	-	87 719	10	-	
Түркия	-	-	-	-	29 091	3	-	
Ауғанстан	-	-	-	-	9 000	5	-	
Бельгия	-	-	-	-	37 413	4	-	
Тунис	-	-	-	-	53 472	6	-	
Украина	3 499	1	-	-	2 389	2	-	
Беларусь	18 895	7	-	-	-	-	-	

Әзірбайжан	-	-	-	10 059	1
Моңғолия	4 965	2	-	-	-
Сауд					
Арабиясы	-	-	-	39 653	4
Жиыны:	256 525	216 235	176 291	867 698	

Экспорттық саясаттың маңызды бағыттарының бірі жаңа рыноктарды игеру болып табылады. Корпорация азық-түліктік астықтың ең үлкен импорттық рыногының бірі - Иран Ислам Республикасына экспортшы ретінде орнығуын жалғастыруда. (6 млн.тонна). Қазақстанның бұл бағытта тасымалдаудың барлық техникалық мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып темір жолмен де, Каспий теңізімен де 1 млн.тоннадай бидайды жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіншілігі бар. Жеткізілетін астық сапасы аса маңызды мәселелердің бірі болып қалады - бірқатар экспортерлер ылғалдылығы мол және маңыздылығының пайызы аз, сапасы төмен астықты тиейді. Жеткізілетін бидай сапасының нашарлауы жеткізушілердің кім екендігіне қарамастан Қазақстанның беделіне нұқсанын келтіреді. Сондықтан бұл мәселе мемлекет тарапынан қатаң бақылауға алынуды тиіс.

Бидай өндіру Қазақстан мен Өзбекстанды қоспағанда астық өндіретін барлық ТМД елдерінде біршама төмендеуге ұшырап отыр. 2003 жылғы бидай түсіміне деген алдын-ала баға және 2003/2004 маркетингтік жылдағы сауда перспективасы және 2003 жылғы егінді алдын-ала бағалау төмендегідей болады:

ТМД елдеріндегі астықтың жалпы жиналымын талдау және оны импорт пен экспортқа шығару жөніндегі болжам

млн. тонна

Ел	Жалпы жиналым		2003/2004 ж-ға арналған болжам	
	2002/2003	2003/2004	Экспорт	Импорт
Әзірбайжан	2,4	1,9	-	0,6
Армения	0,4	0,3	-	0,1
Беларусь	6,1	5,2	-	0,6
Грузия	0,5	0,6	-	0,4
Қазақстан	16,0	14,5	5,5	-
Қырғызстан	1,7	1,8	0,04	0,2

Молдова	2,3	2,5	-	0,3
Россия	85,3	69,9	3	2-2,5
Тәжікстан	0,5	0,8	-	0,4
Түркмения	2,1	1,8	-	0,1
Өзбекстан	5,1	5,2	-	0,4
Украина	36,3	24,5	0,5	3,0
Барлығы	159,0	129,0	9,04	8,1-8,6

Қазақстандық астықты экспортқа шығарудың оң қарқындарымен қатар бірқатар проблемалар да бар.

Біріншіден, теңіз порттары тораптарына тікелей шығу жолы болмағандықтан көліктік шығындар жоғары. Каспий маңындағы мемлекеттерге жатпайтын үшінші елдерге экспортқа шығару Ақтау портындағы терминал арқылы тек Әзірбайжан мен Иран арқылы транзитті пайдаланғанда ғана мүмкін болады. Волга-Дон каналының мүмкіндігін пайдалана отырып тікелей экспортқа шығару мүмкін емес және мына себептер бойынша кездейсоқ сипатта болуы мүмкін:

а) канал кеме қатынасы үшін мамырдан бастап қыркүйек айы ішіндегі кезеңде ғана ашық (қалған уақытта Волга көлінің бассейні қатып жатады);

б) Каспий теңізінде және Волга-Дон каналы жүйесінде қолданылып жүрген кемелер ашық мұхитта жүзуге арналмаған (тек каботаж).

Екіншіден, қазақстан астығын сату импортшы елдердің (Өзбекстан, Иран және басқалар) ішкі астық өндірісін ұлғайту және өздерінің азық-түлік қауіпсіздігін өздері қамтамасыз ету секілді бірбеткей беталысынан соң дәстүрлі сату рыноктарында сұраныстың қысқаруына кез болып отыр. Осыған байланысты кейінгі жылдары аталған елдерге астықты экспортқа шығару өте қиынға түседі.

Үшіншіден, экспортшылардың қызметін қиындата түсетін бірқатар проблемалар бар. Атап айтқанда, нормативтік базаның жетілмегендігі, оның ішінде стратегиялық және инвестициялық жоспарлау, қазақстан астығының шектес мемлекеттердің аумақтары арқылы транзиті кезінде көліктік және порттық қызмет көрсетулердің болжап білмейтін тарифтері, вагон паркінің тозуы мен жетіспеушілігі, экспорт кезіндегі ҚҚС-н қайтарудың кешіктірілуі.

Сапаны бақылау жүйесі де жетілдіруді қажет етеді. Қазіргі кезде ол халықаралық стандарттарға толық сай келмейді және оны әлемдік астық рыногының талаптарына бейімдеу қажет.

Бұл контексте аталған проблемалар экспортшылардың тәуекелі мен шығындарынан жөнсіз асып түседі.

Аса мол табиғи ресурстарға және өңдеуге жарайтын кең егістік жерлерге, сондай-ақ экологиялық таза топыраққа ие Қазақстанның өз астығының экспорттық әлеуетін нығайтуға барлық мүмкіншілігі бар.

Алайда, әлемдік астық рыногында қалыптасқан жағдай Қазақстанның экспорттер ел ретінде экспортқа шығаруды ұлғайту жөнінде аса белсенді іс-шараларды қолдануын талап етеді, ол үшін мыналарды жасау қажет:

біріншіден, көліктік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша бірқатар шараларды жүргізу қажет. Атап айтқанда, Қара және Балтық теңіздерінің порттарынан астық терминалдарын сатып алу аса өзекті мәселелердің бірі болып қалады;

екіншіден, мемлекеттік деңгейде қазақстандық астық компанияларының оның ішінде маркетинг, астық экспортын қаржыландыру мен сақтандыру желісі бойынша қызметін жүйелі қолдау бағдарламасын әзірлеу қажет;

үшіншіден, Корпорация шет елдерде өзінің өкілдіктерін ашу қажет деп есептейді. Басқа ұлттық компаниялар өкілдіктерінің жұмыс тәжірибесі олардың қызметінің экономикалық жағынан да саяси жағынан да тиімділігі жоғары екендігін көрсетіп отыр.

Өкілдіктерді Мәскеуде, Ташкентте, Тегеранда, Лондонда және Пекинде, яғни Қазақстан үшін стратегиялық мәні бар және дәстүрлі әріптестер елдерінде ашу ұсынылып отыр. Өкілдіктерді ашу Корпорацияға қазақстан астығының дәстүрлі импортшы елдердің мемлекеттік және коммерциялық сатып алушы ұйымдарымен өзара пайдалы ынтымақтастықты орнату және оны күшейту, теңіз порттарында астықты өткізу мәселелерін үйлестіру, қазақстан астығының презентацияларын өткізу бойынша тұрақты жұмысты жүргізуге мүмкіндік береді. Корпорация жоғарыда баяндалған жобаны жарғылық капиталды 85753 мың теңгеге ұлғайту жолымен республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асыруды жоспарлап отыр;

төртіншіден, "Қазақстан темір жолы" ҰК ЖАҚ-тың астық тасушы вагондарын Корпорацияның меншігіне беру үдерісін жеделдету қажет.

Тұрақты түрде Қазақстан Республикасы Үкіметінің патронаждығымен қазақстан астығын таныту-жарнамалау мақсатында Қазақстанда және шет елдерде PR науқандарын - яғни, симпозиумдар, көрмелер мен семинарлар өткізу қажет.

Аталған шараларды Корпорацияның тікелей қатысу жолымен іске асыру қажет. Бұл ретте мемлекет өзіне анықтаушы рөлін алуы тиіс.

Түпкі нәтижесінде аталған шаралар экономикалық жағынан астықты тиімді сатуға ғана мүмкіндік беріп қоймайды, біздің әлеуетті шет елдік әріптестеріміз қазақстан астығының сапасына да бағасына да қанағаттанады. Сондай-ақ Қазақстанның әлемдік астық рыногына үнемі қатысуы әлемдік аренадағы еліміздің саяси мәртебесіне оң әсерін тигізеді.

1.3. Корпорацияның өндірістік-қаржылық қызметін талдау

1.3.1. 2001-2002 жылға арналған қаржы-экономикалық қызметінің қорытындысы және 2003 жылы

күтілетін нәтижелер

2001 жылы таза табыс 8708,2 млн.теңгені құрайды, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша табыстар - 8408,2 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша табыстар - 300,0 млн.теңге.

2001 жылы жалпы шығын 8519,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша шығындар - 8281,2 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығындар - 238,4 млн.теңге.

2001 жылғы салық салынатын табыс 188,6 млн.теңгені құрады.

Табыс салығы бойынша шығындар 61,8 млн.теңгені құрады.

Таза табыс 126,7 млн.теңгені құрады.

2002 жылы жалпы табыс 11345,7 млн. теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша табыстар - 6403,4 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша табыстар - 4942,3 млн.теңге.

2002 жылы жалпы шығын 10722,2 млн.теңгені құрады, оның ішінде: мемлекеттік астық ресурстарын басқару бойынша шығындар - 6384,1 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығындар - 4338,1 млн.теңге, оның ішінде әкімшілік шығындар - 264,4 млн.теңге.

2002 жылғы салық салынатын табыс 565,6 млн.теңгені құрайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар 200,3 млн.теңгені құрады.

Таза табыс 365,4 млн.теңгені құрады.

2002 жылы бюджетке 1887,78 мың теңге жер салығы, 3061,98 мың теңге мүлік салығы, 1287,54 мың теңге көлік салығы, 1455153,78 мың теңге ҚҚС, 27032,50 мың теңге әлеуметтік салық, 18552,68 мың теңге жеке табыс салығы аударылды.

2003 жылы 2002 жылдың қорытындылары бойынша Корпорация дивиденд түрінде республикалық бюджетке 183,4 млн.теңге аударды, бұл 2001 жылғы көрсеткіштерден 9 , 4 е с е к ө п .

2001 жылмен салыстырғанда Корпорацияның таза табысы 2002 жылы 3 есеге өсті, бұл астықты сату, оның ішінде тартылған қаржылар есебінен сату көлемдерін ұ л ғ а й т у ғ а б а й л а н ы с т ы .

2003 жылға 17663,4 млн. теңге мөлшерінде жалпы табыс жоспарланды, оның ішінде :

мемлекеттік астық ресурстары басқару бойынша жалпы табыс - 7043,6 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша табыс - 10619,8 млн.теңге.

2003 жылға 17211,4 млн.теңге мөлшерінде жалпы шығын жоспарланды, оның і ш і н д е :

мемлекеттік астық ресурстарын басқару шығыны - 7026,5 млн.теңге; дербес қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығын - 10184,8 млн.теңге.

2003 жылғы салық салынатын табыс - 452,0 млн.теңге мөлшерінде жоспарланып о т ы р .

2003 жылы бюджетке 1208,11 мың теңге жер салығын, 2203,35 мың теңге мүлік

салығын, 1505,23 мың теңге көлік салығын, 40564,0 мың теңге әлеуметтік салық, 63401,74 мың теңге жеке табыс салығын аудару жоспарланып отыр.

2003 жылы 316,4 млн.теңге мөлшерінде таза табыс алу жоспарланып отыр. Оның ішінде дербес қызметтен түскен таза табыс 304,5 млн.теңгені, мемлекеттік ресурстарды басқарудан түскен табыс 11,9 млн.теңге құрайды.

Жалпы табыстар мен шығындардың болжамдық көрсеткішінің өсуі 2003 жылы астықты сатып алу мен сату көлемдерінің өсуіне байланысты. "2003 жылғы егіннің астығын сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 наурыздағы N 301 қаулысына сәйкес Корпорация тартылған кредиттік ресурстар есебінен 2,0 млн. тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алуды жүзеге асырды. Сондай-ақ ішкі және сыртқы рынокта сатылатын астық көлемі көбейді. Соған орай шығындар көбейді: оның ішінде сатылған өнімдердің өзіндік құн, еңбекақы қоры, іссапар шығындары, байланыс қызметтері, кеңселік және баспаханалық шығындар баптары бойынша. 2002 жылғы деректермен салыстырғанда 2003 жылы жоспарланған салық салынатын табыс пен корпоративтік салықтардың азаюы мыналарға байланысты: экспортқа жіберілетін астық көлемін ұлғайту жоспарланды, соған орай шығындар, оның ішінде өнімнің өзіндік құны мен оны сату бойынша шығындар өсті. Сонымен қатар, 2002 жылы мемлекеттік ресурстарды басқару бойынша қаржылық шаруашылық қызметтің нәтижелері шығынды болды (1397,11 мың теңге), 2003 жылы жоспарланған таза табыс 11955,03 мың теңгені құрайды, яғни өткен жылмен салыстырғанда 855%-ға өсті. 2002 жылы 2001 жылмен салыстырғанда табыстардың 30,29%-ға, шығындардың 25,86%-ға өсуі байқалып отыр. Сондай-ақ 2002 жылы 365,4 млн.теңгені құраған таза табыс 2001 жылмен салыстырғанда 188%-ға артты. Негізгі көрсеткіштердің өсуіне коммерциялық астық сатып алу ықпал етті.

1.3.2. Мемлекеттік астық ресурстары

"Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік астық ресурстары құрамына мыналар е н е д і :

Мемлекеттік азық-түліктік астық резервтері;
Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары;
Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары;
Мемлекеттік жемдік астық ресурстары.

2003 жылғы 1 қаңтарға Корпорация 1132,86 мың тонна көлемінде мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырды.

Ескерту. "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысының негізінде мемлекеттік астық ресурстарын есепке алу төрт түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік астық ресурстары негізінен Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігі мен Корпорация конкурстық негізде таңдап алған 82 ірі астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылады.

Мемлекеттік астық ресурстарын сақтайтын элеваторлардың саны туралы ақпарат (қағаз мәтінінен қараңыз)

Мемлекеттік астық ресурстарының сандық-сапалық сақталуына бақылауды жүзеге асыру бойынша жүктелген функциялар негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация уәкілетті астық қабылдау кәсіпорындарын тексеруді жүзеге асырудың тоқсан сайынғы кестесін әзірледі және бекітті.

1.3.3. Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві

Соғыс, астық шығымсыздығы, зілзала нәубаты және басқа да төтенше оқиғалар жағдайында мемлекеттің азық-түліктік қамсыздығына сөзсіз кепілдік беруін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік азық-түліктік астық қоры құрылады, оның ең аз мөлшері тауарлық рынокта тапшылық бола қалған жағдайда халықты астықпен және одан өңделген өнімдермен қамтамасыз етуге кепілдік беруі тиіс.

Бұл резерв 2003 жылғы 1 шілдеде 500 мың тонна астық көлемінде қалыптастырылды және Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарындағы 35 астық қабылдау кәсіпорындарында орналастырылған.

Қалыптастырылған көлемнің 5,8 мың тоннасы (1%) - 2000 жылғы егіннің астығы, 55,2 мың тоннасы (11%) - 2001 жылғы егіннің астығы және 439,0 мың тоннасы (88%) - 2002 жылғы егіннің астығы.

2000-2002 ж-ғы егіннен құралған мемлекеттік резервтің құрылымы (қағаз мәтінінен қараңыз)

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесіне сәйкес оларды сақтау және жыл сайын жаңартып отыру жүзеге асырылады.

2002 жылы 047 "Мемлекеттік астық қорларын сақтау" бағдарламасы бойынша оларды сақтауға республикалық бюджеттен 770,5 миллион теңге бөлінді. 2002 жылдың ішінде Корпорация мемлекеттік астық резервтерін сақтау үшін астық қабылдау кәсіпорындарына төлеуге 770,2 млн.теңгені алды және игерді.

Осы бағдарлама бойынша 2003 жылға Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрлігін жасаған 2003 жылғы 29 наурыздағы N ДЗ-5 шарттың негізінде 801,6 миллион теңге бөлу көзделген.

1.3.4 Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары туралы" 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Корпорация бірінші рет 100 мың тонна көлемінде мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарын қалыптастырды. "Астық туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігі мен жұмылдырушылық дайындығы мақсатында республиканың тұқымға деген қажеттігін нақты қамтамасыз етуге және астық өндірісін тұрақты дамытуға арналған.

Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесінің талаптарына сәйкес тұқымдық астықтың пайдалану көлемі жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен анықталады және оларды тұқымдық несие түрінде беру екінші деңгейдегі банктердің кепілдігі болған жағдайда қайтарылатын болып немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шешімі болған жағдайда қамтамасыз етудің басқа түрлерімен жүргізіледі.

"2002 жылғы егіс жұмыстарын қамтамасыз ету үшін мемлекеттің тұқымдық астық ресурстарын пайдалану туралы" 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 103 бұйрығының негізінде 2002 жылы 24,5 мың тонна көлемінде тұқымдық несие берілді, оның ішінде Ақмола облысына - 16,2 мың тонна, Қостанайға - 2,9 мың тонна, Солтүстік Қазақстанға - 2 мың тонна, Шығыс Қазақстанға - 1,7 мың тонна және Ақтөбеге - 1,7 мың тонна.

2003 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарында 112,9 мың тонна болды, оның ішінде:
сортты тұқымдар - 103,7 мың тонна;
тауарлық партияның тұқымдық материалы - 9,2 мың тонна.

Мемлекеттік тұқымдық астық ресурстарының саны (қағаз мәтінінен қараңыз)

1.3.5 Мемлекеттік жемдік астық ресурстары

Мемлекеттік жемдік астық ресурстары жемдік астықтың мемлекеттік запасы болып табылады және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының азықтық қажеттігін қамтамасыз етуге арналған.

Тиісті жылға мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен анықталады.

"2003 жылға мемлекеттік астық ресурстары көлемін және мемлекеттік жемдік және тұқымдық ресурстардың көлемдерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2003 жылғы 24 ақпандағы N 187 қаулысына сәйкес 2003 жылға мемлекеттік жемдік астық ресурстарын қалыптастыру мен пайдалану көлемі 10 мың тонна көлемінде көзделді және олар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі анықтаған тізбеге сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге б ө л і н д і .

Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын пайдалану банктік кепілдікті тапсырған жағдайда жемдік несие беру жолымен немесе сату жолымен жүзеге асырылады.

1.3.6 Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыруды Корпорация арқылы Қазақстан Республикасының "Ауыл шаруашылығы өнімінің жеке түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысымен бекітілген Астықты және оны сақтау мен тасу қызметтерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережелеріне сәйкес жыл сайын астық сатып алу жолымен жүзеге асырады.

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары астықтың ішкі рыногын реттеуге, мемлекетаралық келісімдердің орындалуын қамтамасыз етуге және мемлекеттік азық-түліктік астық ресурстарын, мемлекеттік жемдік және тұқымдық астық ресурстарын толықтыру мен жаңалауға арналған.

1.3.7 Астықты сатып алу

1998 жылдан бастап Корпорация жыл сайын мемлекеттік азық-түліктік астық қорын жаңарту және отандық ауыл шаруашылық тауарын өндірушілерді қолдау мақсатында мемлекеттік астық сатып алуды жүргізеді. Астықты сатып алу бағасы мен көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленеді.

2002 жылы мемлекеттік сатып алумен қатар сырттан тартылған кредиттік қаражаттар есебінен 1 миллион тонна көлемінде коммерциялық астық сатып алу жүргізілді.

Корпорация астығын сатып алу көлемінің динамикасы (қағаз мәтінінен қараңыз)

Астықты мемлекеттік сатып алу

2002 жылы мемлекеттік астық ресурстарына астық сатып алу "Мемлекеттік азық-түліктік астық қорына 2002 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы

" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 наурыздағы N 356 қаулысына сәйкес жүргізілді. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 5313,6 млн.теңге сомасында ақша қаржысы бөлінді. Астықты сатып алу 2001 жылғыдай екі кезеңмен жүзеге асырылды: жеткізіп беру шартының негізінде көктемгі-жазғы кезеңде қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы.

Жеткізіп беру шартының негізінде көктемгі-жазғы кезеңде астықты сатып алуды қаржыландыру екінші деңгейдегі орнықты банктердің кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі. Астық сатып алудың осы бағдарламасы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ақша қаржысын ең қажетті уақытта - жанар-жағар майды, тыңайтқыштарды, тұқымдық материалдарды, ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектерді, басқа да тауарлық-материалдық ресурстарды сатып алу үшін астықты егу мен жинау жұмыстарының алдында алуға және өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және бір-бірімен байланысты салалардың - ауыл шаруашылық химиясы мен ауыл шаруашылығы машинасын жасаудың дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2002 жылдың егінінен Корпорация барлығы 489,1 мың тонна астық сатып алды, оның ішінде жұмсақ сортты бидай - 401,6 мың тонна, қатты сортты бидай - 22,5 мың тонна және арпа - 65 мың тонна.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 наурыздағы N 358 қаулысына сәйкес астық сатып алуға қатысқан кәсіпорындар құрылымы

Кәсіпорындардың саны	Оның ішінде:			
	Шаруа қожалықтары	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік	Акционерлік қоғамдар	Жабық акционерлік қоғамдар
349	148	177	7	17

(қағаз мәтінінен қараңыз)

Коммерциялық астық сатып алу

"2002 жылғы егіннің астығын сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 961 қаулысын орындау үшін, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қолдау және ішкі рынокта баға демпингіне жол бермеу мақсатында Корпорация 2002 жылғы егіннің астығынан 1 млн. тоннаға дейін сатып алуды жүзеге асырды. Астық сатып алуды қаржыландыру тартылған кредит

ресурстарының есебінен жүзеге асырылды.

Астықты сатып алу сапалық көрсеткіштерге байланысты дифференциалдық баға бойынша жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы
3 қыркүйектегі N 961 қаулысына сәйкес жұмсақ сортты
азық-түліктік бидайды сатып алудың бағасы мен көлемі
(қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы
3 қыркүйектегі N 961 қаулысына сәйкес маңыздылығы
(ұлпасы) бойынша жұмсақ сортты азық-түліктік
бидайды сатып алу көлемі
(қағаз мәтінінен қараңыз)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы
3 қыркүйектегі N 961 қаулысына сәйкес астық сатып
алуға қатысқан кәсіпорындар құрылымы

Кәсіпорын. дардың саны	Оның ішінде:			
	ШҚ	ЖШС	АҚ, ЖАҚ	Басқалары
1 1 5 6	7 1 7	3 7 8	2 8	3 3

(қағаз мәтінінен қараңыз)

2003 жылғы егіннен астық сатып алу

Корпорация 2003 жылы 2,368 млн.тоннаға дейінгі көлемде ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын сатып алды.

I. Мемлекеттік астық сатып алудың көлемі және оны ұйымдастыру тәртібі

1. 2003 жылы 043 "Мемлекеттік астық ресурстарын жаңарту үшін сатып алуды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасына сәйкес 5500,0 мың. теңге сомаға 368,2 мың тонна көлемінде екі деңгейлі сұлба бойынша астық сатып алу жүргізіліп отыр:

көктемгі-жазғы қаржыландыру жолымен:

- 215,5 мың тоннаға дейінгі көлемде жұмсақ азық-түліктік бидайды 3167,8 мың
т о н н а с о м а ғ а ;

- 30,0 мың тоннаға дейінгі қатты азық-түліктік бидайды 507,2 мың теңге;
күзде тікелей сатып алу жолымен:

- 121,7 мың тоннаға дейінгі көлемде жұмсақ азық-түліктік бидайды 1789,7 мың теңгеге с о м а ғ а ;

- 1 мың тоннаға дейінгі көлемде қытай бұршағының тұқымын 35,3 мың теңгеге.

2. Көктемгі сатып алу шарттарын жасаған кезде кредиттік қаржыларды алуға артықшылық құқығы мемлекеттік астық сатып алу бағдарламасына бірнеше рет және тиімді қатысқан және жоғары сапалы астық өндірген шаруашылықтарға берілді.

II. Коммерциялық астық сатып алудың көлемі және оны ұйымдастыру тәртібі

1. Корпорация өзінің ақша қаржысының және банктен тартылған кредиттердің есебінен 2003 жылғы егіннің астығын коммерциялық сатып алу көлемін 2,0 млн.тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отыр. Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін 216 млн. АҚШ доллары қажет.

2. Басқа ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге жағдай жасау мақсатында коммерциялық астық сатып алу бағдарламасына арпа, күріш және күнбағыс қосылды.

3. Коммерциялық астық сатып алу екі кезеңмен жүзге асырылады: көктемгі-жазғы кезеңде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің кепілдігімен ақша қаржысымен қаржыландыру арқылы және күзде тікелей сатып алу арқылы.

2003 жылғы егіннің астығын көктемгі коммерциялық сатып алуды қаржыландыру сұлбасы (қағаз мәтінінен қараңыз)

Корпорация 2004 жылы 2 млн.тоннаға дейінгі көлемде коммерциялық астық сатып алуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Сатып алуды қаржыландыру банк кредиттері, облигацияларды орналастырудан түскен қаржылар есебінен жүргізу жоспарланып отыр. Бұл ретте кредиттік кепілдіктерді сатып алынатын астық, банктік кепілдіктер және экспорттық келісім-шарттар қамтамасыз етеді.

